Сыр бойы

№170
(19653)
13 ҚАРАША,
СЕЙСЕНБІ
2018 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | 1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ | WWW.SYRBOYI.KZ

BÚGINGI SANDA

JAQSY SÓZ JAQSYLYQ SHAQYRADY 2»

SOǴYMǴA NE SOIASYZ? 3»

ULTTYQ TÁRBIENIŃ ALTYN ARQAÝY 4»

ҚАУІПСІЗДІК ҚЫРАҒЫ БАҚЫЛАУДА БОЛУЫ ТИІС

Сырдария өзенінен мұз жүру кезеңінде су тасқыны қаупін шығынсыз өткізу қажет. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою комиссиясының отырысында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев осындай міндет қойды.

Назерке САНИЯЗОВА.

Қыс мезгілінде халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері талқыланған жиында аймақ басшысы дер кезінде мониторинг жүргізу және алдын алу шараларын ұйымдастыру су тасқыны кезеңінен аймақ тұрғындарына зиян келтірмей өтуге мүмкіндік беретінін еске салды.

– Жыл сайын өңірде су тасқынының алдын алу, бөгеттердің жағдайын тексеру және зақымдалған аумақтарды нығайту бағытында жұмыс жүргізіледі. Осы орайда біздің бірінші кезектегі міндетіміз – халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолдан келгеннің бәрін жасау, – деді облыс әкімі.

Күн тәртібіне сәйкес 2018-2019 жылдардағы болуы ықтимал су тасқынының алдын алу шаралары туралы облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы Асылбек Шәменов баяндады. Бүгінде Сырдария өзеніндегі қорғаныс бөгеттерінің ұзындығы 609,4 шақырымды құрайды. Онда 56 су басу қаупі бар аймақ белгіленіп, оған қажетті техника және жұмысшылармен жарақталған 109 жауапты мекеме бекітілді. Қызылорда қаласы мен аудандарда су тасқыны кезеңінде халықты көшіруге арналған 79 эвакуациялық жинақтау, 99 қабылдау пункті дайындыққа келтірілді.

– Қазіргі таңда «Шардара» су қоймасынан өзеннің төменгі ағысына секундына 400 текше метр су босатылуда. Облыс аумағына секундына 500 текше метр су келіп түсуде. Сәйкесінше, «Қызылорда» су торабынан секундына – 405, «Әйтек» су торабынан – 380, «Қараөзектен» 20 текше метр су төменгі ағысқа жіберілуде. «Шардара» су қоймасынан төменгі ағысқа судың аз көлемде босатылуынан Жаңақорған ауданында су тапшылығы сезіліп отыр. Дегенмен, «Тоқтағұл» су қоймасында 19,3 млрд текше метр су жиналғанын ескерсек, алдағы уақытта төменгі ағысқа мол су жіберіліп, ол қауіп төндіруі мүмкін, – деді А.Шәменов.

Мониторинг нәтижесіне сүйенсек, аймақтағы 37 нысан қалыпқа келтіруді қажет етеді. Мұз жүру барысында бұзылып, шұғыл жөнделуі тиіс бірінші кезектегі 25 нысан белгіленді. Қазалы ауданында 18 учаскені жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Одан кейін облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының міндетін атқарушы Асқар Төлешов қолайсыз ауа райы және төтенше жағдайлар кезінде жергілікті халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында қабылданған шараларға тоқталды.

– Қысқы уақытта төтенше жағдайларды жою үшін құрамында 232 адам мен 32 техника бар күш-құралдар әзірленді. Оның ішінде қар құрсауында қалған және күрделі метеожағдайлар кезінде зардап шеккендерге көмек көрсету мақсатында «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» күре жолында апаттар медицинасы орталығының 3 құтқару бекеті жұмыс істейді. Бұл бекеттердің 50 адамға дейін қабылдау мүмкіндігі бар, – деді А.Төлешов.

Департамент өкілі жиын барысында тағы бір мәселені көтерді. Айтуынша, Қармақшы ауданындағы бірқатар білім ошағы сұйық отынмен жұмыс істейтін бу қазандықтары арқылы жылытылады. Ал бұл адам өмірі үшін өте қауіпті. Облыс әкімі аталған мәселені көпке созбай шешу қажеттігін қаперге салды.

Сонымен қатар, комиссия отырысында басқа да жауапты мекемелердің басшылары, қала және аудан әкімдері қысқы маусымға дайындық жайын сөз етті. Аймақ басшысы жауапты тұлғаларға Сырдария өзеніне тәулік бойы мониторинг жүргізіп, жеке құрамды тұрақты дайындықта ұстауды, сондай-ақ, облыстық және республикалық маңызы бар жолдарда қатты суық күндері қозғалысты шектеуді тапсырды.

MEMLEKETTIK-JEKEMENSHIK ÁRIPTESTIK

АНГИОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТХАНАЛАР

АЙМАҚ ТҰРҒЫНДАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

Аймақтың әлеуметтік мәселелерін шешуде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясындағы жобалардың маңызы зор. Аталған жобалардың екі тарап үшін де тиімділігі уақыт өткен сайын дәлелденіп келеді. Бүгінде осы бағыттағы 75 жобаның 30-ы, яғни МЖӘ жобаларының жалпы санының 40%-і денсаулық сақтау саласына берілген. Сондай-ақ, спорт, білім беру, цифрландыру салаларын дамыту және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту жобалары қолға алынған.

Кеше Қызылордада мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 2 ангиографиялық зертхана құру жөніндегі келісім-шартқа қол қойылды. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев өңірдің әлеуметтік мәселелерін шешу үшін қолға алынған осындай ірі жобалардың маңызын атап өтті.

– Облыстық медициналық орталықта және Қазалы аудандық орталық аурухана-сында ангиографиялық зертхана құру туралы екі келісімшартқа қол қойдық. Барлық қажетті шаралар жүргізілді. Қазіргі таңда аймақта мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында құны 34 млрд теңге болатын 75 жоба іске асырылуда, – деді аймақ басшысы.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ақмарал Әлназарованың айтуынша, бізде 2009 жылы облыстық медициналық орталық базасына орнатылған жалғыз ангиографиялық қондырғы бар. Оның көмегімен 5 мыңнан астам зерттеу жүргізіліп, операциялар жасалған. Нормативтерге сәйкес, 1 ангиографиялық қондырғы 250 мың адамға есептелген, аймақта жалпы қажеттіліктің тек 40%-і ғана қамтылатынын ескерсек, бұл жобаны іске асыру өте қажет.

– Ангиографиялық зертханалардың құрылуымен қатар, алғаш рет аудандық аурухана деңгейінде эндоваскулярлық хирургия енгізіледі, бұл жоғары технологиялық медициналық қызметтерді халыққа қолжетімді етуге мүмкіндік береді, – деді А. Әлназарова.

Өткен жылы «Медтроник Қазақстан» ЖШС біздің өңірде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында ангиографиялық қондырғылар құру туралы бастама көтерген еді.

Әлемдік нарықта – 70, елімізде 10 жылдан астам уақыттан бері жұмыс істеп келе жатқан «Медтроник» компаниясы медицинаның кардиохирургия, диабет, нейрохирургия салаларына арналған құрал-жабдықтар шығарады. Компанияның Орталық Азия елдері мен Қазақстан бойынша директоры Г.Шамшатованың айтуынша, облыстық денсаулық сақтау басқармасымен әріптестік орнату арқылы «Медтроник» екі ауруханадағы операциялық блоктарға ең соңғы үлгідегі жабдықтар қояды. Ангиограф дәрігерлерге емдеудің жаңа тәсілдерін қолдануға, науқастың операция столында қысқа уақыт ғана болуына мүмкіндік береді, бастысы – тиімді нәтижеге қол жеткізеді. Келісім-шартқа қол қойылғаннан кейін операциялық блоктарды дайындау, медицина қызметкерлерін оқыту басталмақ.

«СБ» ақпарат.

БАҒДАРЛАМА БАЯНЫ

Елімізде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға мемлекет тарапынан жасалып жатқан мүмкіндік көп. Кәсіпкерлер осы қамқорлықтың арқасында табысқа жетуде. Солардың бірі – Сырдария ауданы, Асқар Тоқмағанбетов ауылының тұрғыны Нұрсұлу Ажарова.

Сара АДАЙБАЕВА.

ТІГІНШІ

Ол он жылдан аса ісмерлік өнерімен айналысып келеді. Бастапқыда қабілетін кәсіпке айналдыру үшін «Ақниет» бағдарламасына қатысты. Жобасы қолдау тауып, 300 мың теңге грант жеңіп алды. Онысына тігін машинасы мен құрал-жабдықтарын жаңартты. Ізденімпаз тігінші «Бизнес-кеңесші» сабағына қатысып, біліктілігін арттырды. Бұған дейін үй ішінде азын-аулақ тапсырыс алып келген ісмер шаруасын едәуір ұлғайтты. Жеке цех ашты. Бүгінде Нұрсұлудың қолынан шыққан бұйымдар үлкен сұранысқа ие. Қыз жасауынан бастап, құрақ құрау, ұлттық киімдер мен көйлектер, бесік жасауларын тігу шебердің шынайы еңбегі.

Нұрсұлу бір жағынан мектепте сурет пәнінің мұғалімі. Бейнелеу өнерін жетік меңгерген ол тігіншілікті қатар ұштастырып, кәсібін жандардырып отыр. Аптасына кемі 2 қыздың жасауын дайындайды. Одан бөлек, қаншама тапсырысы бар. Тұтынушыларынан тек алғыс алған шебер енді балалар мен үлкендерге арналған байпақ, мойынорағыш пен бас киім тікпек. Онысын соңғы үлгідегі 3D бедерлі пішіндермен көмкеруді меңгерген.

– Бастысы, еңбектену керек. Алдымен құрал-жабдықтар алып, цех аштым. Кәсіпкерлерге арналған мүмкіндікті пайдаландым. Нәтижесінде жұмысым алға басты, – дейді ол.

Кәсіпкер 2 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Ондағы қыздар да тігін өнерінің қыр-сырына қаныққан. Нағыз өз ісінің шеберлері. Тігінші үнемі заман талабына сай жұмысын жетілдіруді ойлайды. Осы мақсатта облыс орталығында өтетін қолөнер шеберлерінің, кәсіпкерлердің түрлі шараларына қатысып, өзі секілді жандармен тәжірибе алмасып, шеберлігін шыңдауда. Кәсібін кеңейту үшін жақында Өңірлік инвестициялық орталықтан 3 млн теңге қаржыға қол жеткізді. Алған қаржысына ескі мақтаны қайта түтіп, жаңартатын және көрпе көктейтін станок әкелді. Нәтижесінде жұмысы жеңілдеп, тапсырыс уақыты қысқарды. Жарамсыз деген көрпе-көрпешені қайта қалпына келтіруге мүмкіндік алды.

Мемлекеттік бағдарлама арқылы кәсібін дөңгеленткен тігінші алдағы уақытта шеберлер санын көбейтіп, тапсырыс түрін кеңейтпек. Сонымен қатар тұрғындарға қолжетімді болу үшін аудан орталығынан үлкен тігін цехын ашу жоспарында бар.

BASPASÓZ – 2019

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2019 жылдың бірінші жартыжылдығына "Сыр медиа" ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу науқаны жүргізілуде.

Облыстық "Сыр бойы" газетінің жазылу бағасы:
жекелер үшін: 6 айға – 3000 теңге, 12 айға – 6000 теңге.
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ-65460.
Мекемелер үшін: 6 айға – 4000 теңге, 12 айға – 8000 теңге.
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 15460.

Баспасөзге жазылу бойынша 40-05-81 телефонына хабарласуға және ондағы мамандардың жазылу жүргізу қызметін үйден пайдалануға болады.

Ел және жаһан жаңалықтарын, жедел әрі нақты ақпаратты газет сайтынан да таба аласыз.

JOLDAÝǴA – QOLDAÝ

ДАМУДЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

Біз Елбасымыздың әрбір Жолдауын болашаққа деген сеніммен, қуанышпен асыға тыңдаймыз. Тәуелсіздік алған жылдардан бері көп жұмыс атқарылып, Мемлекет басшысының сарабдал саясатының арқасында еліміз қарқынды дамып келеді. Экономиканы өркендетудің негізі саналатын шағын және орта бизнес алға басуда. Соңғы кездері әлемдік саяси және экономикалық трансформация үдерістері күшейе түскенін осы мәселеге қатты назар аударылғанынан аңғарамыз. Қазақстандықтардың әл-ауқаты, ең алдымен, табыстарының тұрақты өсімі мен тұрмыс сапасына байланысты деп атап өтілді Жолдауда.

Адам еңбекқор болып, өз кәсібін жақсы меңгергенде және лайықты жалақы алуға немесе жеке кәсіп ашып, оны дамытуға мүмкіндік болған кезде табыс артады. Мемлекет пен адамдардың күш біріктіруінің арқасында ғана біз жалпыға ортақ еңбек қоғамын құра аламыз деп нақтылап айтты.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің халыққа үндеген әр сөзінде халықты еңбекқорлыққа, адалдыққа, ауызбіршілік пен білімділікке шақырады. Бюджеттік мекемелерде жұмыс істейтін 275 мың қызметкердің еңбекақысы көбейіп, орта есеппен 35 пайызға өседі. Осы мақсаттарға 2019-2021 жылдарда республикалық бюджеттен жыл сайын 96 млрд теңге бөлу керек деп тапсырма берілді. Елбасы бұл мәселеге ерекше көңіл бөлді. Мемлекеттің қалыптасуына бағдарланған қажетті бастамалар жасалды. Олардың жүзеге асырылуы табысты дамуымыздың негізгі факторына айналды. Біздің стратегиялық мақсатымыз – 2050 жылға қарай әлемдегі озық дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Үш жыл бұрынғы «100 нақты қадам» – Ұлт жоспарының жариялануының өзі ұлттың жаңа қарқынды сеніммен қадам басуына міндеттелген. Осыдан кейін еліміздің Үшінші жаңғыруына назар аударылды, оның басты міндеті – Қазақстанның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсімнің жаңа моделін құру. Бұл еліміздің қарқынды дамуы, өмір сүру деңгейін одан әрі арттыруға деген зор сенім еді. Жаңа Жолдау негізінде біз жаңа міндеттерді атқаруға дайынбыз.

Адамның өмір сүру сапасын жақсарту үшін, алдымен, медициналық қызмет сапасы халықтың әлеуметтік көңіл-күйінің аса маңызды компоненті болып саналады. 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап барлық емханалар мен ауруханалар медициналық құжаттарды қағазсыз, цифрлық нұсқада жүргізуге көшуі тиіс екендігін міндеттеді. Бұл 2020 жылға қарай бүкіл тұрғындардың электронды денсаулық паспорттарын жасауға, кезектерді, бюрократияны жоюға, қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Білім берудің, денсаулық сақтау саласының, тұрғын үйдің сапасы мен қолжетімділігі, жайлы және қауіпсіз жағдайда өмір сүру мәселелері әрбір қазақстандық отбасына қатысты деп атап өтті. «Педагог мәртебесі туралы» заңды әзірлеп, қабылдау қажет деп тапсырды. Жоғары білім беру ісінде оқу орындарының маман дайындау сапасына қатысты талаптар күшейтілетінін назарға салды. «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деген, аталған міндеттерді орындайтын ұрпақ тәрбиесіне баса назар аударуымыз қажет.

Жайлылық дегеніміз – ең алдымен, тұрғын үйдің қолжетімділігі, ауаның әдемілігі мен қауіпсіздігі, тіршілікке және жұмыс істеуге қолайлы елді мекеннің және сапалы инфрақұрылымның болуы. Бақытты өмір сүру үшін, кез келген реформаны іске асыру барысында өзінің барлық іс-қимылын халықтың әл-ауқатын арттыруға арнайтын жинақы әрі тиімді мемлекеттік аппараттың маңыздылығында. Елбасы жаңа кезең жағдайында мемлекеттік аппарат қалай өзгеруге тиіс деген сұраққа жауап берді. «Сапа» – мемлекеттік қызметші өмірінің жаңа стилі, ал өзін-өзі жетілдіру – оның басты қағидаты болуға тиіс. Жаңа формацияның мемлекеттік қызметшілері мемлекет пен қоғам арасындағы алшақтықты қысқартуға тиіс деп атап өтті. Бұл арқылы тұрақты кері байланыс орнығып, мемлекеттік саясаттың нақты шаралары мен нәтижелері қызу талқыланып, жұртшылыққа түсіндіріледі. Мемлекеттік басқару академиясы Назарбаев Университетімен бірлесіп, «Жаңа формацияның басшысы» бағдарламасын және басшылық қызметтерге тағайындау кезінде арнайы қайта даярлаудан өткізетін курстар әзірлеу қажет екендігін айтты. Беделді жоғары оқу орындарын бітірген түлектерді қоса алғанда, біліктілігі жоғары кадрлардың жеке сектордан келуі 3 есе артып, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінде орталық аппаратқа арналған конкурс бір орынға 28 адамға дейін, ал өңірлік құрылымдарда бір орынға 60 адамға дейін өскеніне тоқталды. Бұл көрсеткіштен біз қазір мемлекеттік қызметке қызығушылық артқанын және өңірлік деңгейде оның өзектілігі жоғарылығын аңғарамыз. Олар үнемделген қаражатты қызметшілердің жалақысын арттыруға бағыттау мүмкіндігін алды. Қазіргі уақытта көптеген мемлекеттік органдар жаңа модельге көшуді қалап отыр. Ең бастысы – олар мұны тек жалақыны көбейту ғана емес, бәрінен бұрын, жұмыстарының тиімділігін арттыру деп түсінуі қажет деп атап өтті. Еңбекке төленетін қаржының өсімі бюджет шығысын, соның ішінде бағынышты мекемелердің шығыстарын оңтайландыру және үнемдеу есебінен өтелуін бақылауда ұстау тапсырылды. Бұл жерде аталған жобаның беделін түсірмес үшін формализм мен теңгермешілікке жол бермеу қажет. Мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талап әрқашанда жоғары екендігі назардан тыс қалған емес.

Әрине, Қазақстанның бағындыратын биіктері әлі алда. Осы Жолдау да сеніміміз бен рухымызды жігерлендіріп, бойымызға күш-қайрат дарытты. Сол сенімді ақтау әрбіріміз үшін өте маңызды.

Р.ЫСҚАҚОВА,
ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры, облыстық мәслихат депутаты.

Елбасы Жолдауы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелеріне және қазақстандықтардың әл-ауқатын одан әрі арттыру міндеттеріне арналды. Халықтың табыс деңгейін арттыру, білім беру, медициналық қызмет көрсету қолжетімді баспана, инфрақұрылымды және өңірлерді тұрақты дамыту басты мәселелер екені атап көрсетілді.

ЖАҢҒЫРУҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Ұстаздық – қоғамдағы ең құрметті мамандық. Саналы ғұмырын ел ертеңі – жас ұрпақты тәрбиелеуге арнаған ұстаздар қауымын Жолдаудың жаңалығы бір серпілтіп тастады. Мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту мақсатында біліктілік талаптарын, оқыту әдісін, тәрбиешілердің және балабақшадағы басқа да қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу жүйесін қайта қарау мақсатында Білім және ғылым министрлігі әкімдіктермен бірлесіп «Жол картасын» әзірлеуі керек екені баса айтылды.

Орта білім беру жүйесінде жалпы білім беретін мемлекеттік мектептер Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқыту жүйесі мен әдістемесіне сәйкес бірыңғай стандартқа негізделуі тиіс.

Келесі жылы «Педагог мәртебесі туралы» заңды әзірлеу мұғалімдер мен мектепке дейінгі мекемелер қызметкерлері үшін барлық игілікті қарастырып отыр. Ұстаздың міндеті – білімді жас ұрпақты дайындап шығару, өз ісін алаңсыз атқаруы тиіс екендігіне жете мән берілді.

Жоғары білім беру ісінде оқу орындарының маман дайындау сапасына қатысты талаптар күшейтіледі. Гранттардың саны көбейгенмен, жауапкершілікті сезінетін уақыт та жетті. Жоғары оқу орнының табыстылығын арттыру үшін білім берудің жаңа сапасы жаһандық ЖОО-мен серіктестік, ЖОО басқару үшін шетелдік топ-менеджерлерді тарту, әлемнің жетекші университеттерімен әріптестік орнату – сапалы білім беруді қамтамасыз етудің бірден-бір жолы.

Бұл Жолдаудың ерекшелігі – Елбасы сала министрлерімен тікелей сұраққа жауап ала отырып, міндеттерін жүктеп, атқарылатын істің бағытын айқындап берді.

Президенттің тағы бір баса назар аударған мәселесі тұрғындардың баспанамен қамтылу жайы, яғни «7-20-25» бағдарламасының орындалу барысы. Халқымызда «Үйі жоқтың – күйі жоқ» деген сөз бар. Еліміздің болашағы жастар дейтін болсақ, жас мамандардың бойындағы күш-қуатын, білімін мемлекеттің дамуына үлес қосу үшін тұрғын үйдің қолжетімділігі, қолайлы елді мекеннің және сапалы инфрақұрылымның болуы қажет.

Кез келген реформаны іске асыру барысында Мемлекет басшысының сарабдал саясатын қолдау әрбір қазақстандықтың міндеті әрі азаматтық парызы. Соның ішінде, жаңалыққа жаны құмар ұстаздар қауымы Елбасы саясатын үнемі қолдап, жүзеге асыруда күш-жігерін аямайды.

Айгүл МҰСАБАЕВА,
№187 М.Шоқай атындағы орта мектеп директоры, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

JIYN

Мемлекеттік қызметкер халық пен билік арасындағы елші сынды. Сондықтан мемлекеттік органда жұмыс істейтін әр адамның ісі мен сөзі халықтың көз алдында.

Мемлекеттік қызметшінің міндеті өте жауапты. Бұл туралы ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының облыс бойынша филиалының ұйымдастыруымен өткен «Тиімді басқару және көшбасшы жастар» атты жиында мәселе талқыға салынды.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – ЖАУАПТЫ МІНДЕТ

– Бүгінде мемлекеттік қызметшінің әдеп нормаларын бұзбауын және оның алдын алуды Әдеп жөніндегі кеңестер жүзеге асырады. Аталған кеңес «Әдеп» кодексінің талаптарына сүйенеді. «Әдеп» кодексінде мемлекеттік мүлікті тиімді пайдалану керектігі жазылған. Айталық, туысыңыздың өтінішімен қызмет орныңыздағы компьютерден диплом жұмысын, іс қағаздарын шығаруға болмайды. Сондай-ақ, «қызметтік көлікпен жұмысқа келерде баламды мектепке, балабақшаға апарып салсам бола ма?» деген сауал жиі қойылады. Мектеп тура жолдың бойында болса да, бұл іске заң рұқсат етпейді. Себебі, балалар басқа бүлдіршіндердің арасында «менің әкем – басшы» дегендей сезіммен жүруі мүмкін. Бұл олардың арасында бәсекелестік, менсінбеушілік туғызады.

Мемлекеттік қызметкерлерде жиі кездесетін заңбұзушылықтың бірі – көлік ішінде қауіпсіздік белдігін тақпауы. Елде, ең алдымен, мемлекеттік қызметкер заңға бағынуы керек. Сондай-ақ, әлеуметтік желіні қолданудың да талаптары бар, – деді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті басшысының орынбасары Берікбол Байхожаев.

Ал Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары Жағыпар Тәжмаханов басшының іскерлік қасиеті, мінезі туралы сөз тарқатты. Қызметте абыройлы болу адамның өмірлік мақсатымен тікелей байланысты екеніне, басшының керітартпа, ашушаң мінезі тұтас жүйеге әсер ететініне тоқталды. Жиында мемлекеттік қызметшілер мен жас көшбасшылардың қабілет-қарымын қалыптастыру, дамыту турасында «Жас Отан» Жастар қанаты облыстық филиал төрағасының орынбасары Әнуар Тоқтамысұлы, облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының бас маманы Абылайхан Сабанбаев ұсыныстарын жеткізді.

Аймақтағы мемлекеттік қызметшілердің басын қосқан жиында жұмысқа жауаптылық мәселесі де қозғалды.

SEMINAR-TRENING

ЖАҚСЫ СӨЗ ЖАҚСЫЛЫҚ ШАҚЫРАДЫ

Облыстық ішкі саясат басқармасының тапсырысы бойынша «Руханиятты қолдау» қоғамдық қоры мемлекеттік қызметкерлердің ортасында «Мемлекеттік қызметкер этикасы: сөйлеу, іскерлік сөйлеу, коммуникациялық орта» тақырыбында семинар-тренинг өткізді. Оған облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Т.Маханов қатысты.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Семинар-тренингте Қорқыт ата атындағы ҚМУ доценті, экономика ғылымдарының кандидаты Н.Құлмырзаев «Виртуалды әлем: діни экстремизм, толеранттылық, ақпарат мәселесі» тақырыбында ой өрбітті. Айтуынша, қарапайым халық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған барлық ақпаратқа сенеді. Әрине, бұл дұрыс. Алайда халықтың барлық жаңалықты сол күйінде қабылдауының кері әсері интернет пайда болғаннан бері біліне бастады. Себебі, ғаламторда кім не жазса да, қандай ақпарат таратса да көпшіліктің талдап-таразыламай қабылдайтыны кейде ел арасында дүрбелең туғызып жататыны жасырын емес. Бір қиыны, мұндай сәтті базбіреулер өз ұпайына пайдаланатындығы. Мәселен, теріс пиғылды топтар халықтың кез келген ақпаратқа сенгіштігін пайдаланып, әлеуметтік желі арқылы ел тыныштығын бұзатын ақпарат салып, оны өздері бүркеншік атпен, интернет тілімен айтқанда, «фейк» болып, әрі қарай қоздырып әкетіп, талайдың санасын улайды. Сондықтан әрбір ақпаратқа салмақты оймен, таразылап баға берген абзал әрі шынайы жаңалықтың насихатталуына қоғам болып белсенділік танытқан жөн.

Қорқыт ата атындағы ҚМУ қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы, психология ғылымдарының кандидаты А.Аяғанова «Коммуникациялық орта» тақырыбында ой бөлісті. Бұл орайда мемлекеттік қызметшілерге аудиторияны игере білудің құпиясымен бөлісті. Көпшілік алдында сөз сөйлеу үшін адам сенімді, ойын анық, шынайы жеткізуі керек. Сондай-ақ, көп алдында қимыл-қозғалыстың да әсері бар. Психологтың айтуынша, қол саусақтарын айқастыру, алақанды шымшылау, саусағымен үстелдің үстін ұру адамның өзіне сенімсіздігін және шыдамсыздығын білдіреді екен. А.Аяғанова семинарды американдық педагог-психолог Д.Карнегидің ортамен жақсы қарым-қатынас орнатуда 4 кеңесімен түйіндеді. Ол: мақсатқа жетуге ұмтылу, не айту керек екенін білу, сенімділік таныту, тәжірибеге сүйену.

Семинар-тренингті қорытындылаған облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Т.Маханов бұл шараның қатысушылар үшін пайдалы болғанын атап өтті.

BAIQAÝ

МАҢЫЗДЫ ЖОБА – «МЫҢ БАЛА»

Бүгінде этностық топтар арасындағы мектеп оқушылары мен жастарға мемлекеттік тілді үйретуде түрлі жобалар іске асуда. Соның бірі – рухани негіз болып танылатын ұлттық құндылықтарды бойға сіңіріп, халықтар достығын насихаттайтын «Мың бала» республикалық мәдени-ағарту жобасының өңірлік байқаулары өткізілуде.

Ержан ҚОЖАС.

Соның қорытындысы ретінде «Достық үйінде» қала және аудан орталықтарынан келген, түрлі ұлт өкілдерінен құралған мектеп оқушылары арасында сайыс өтті. Қазақ халқының халық ауыз әдебиеті (мақал-мәтел сайысы мен би-шешендер мұрасынан көрініс сахналау) мен арнайы эссе жазу бойынша өткен жарыс қызықты болды.

– Жобаны іске асыруда жыл басынан бері облыс көлемінде түрлі форматта, мысалы, дөңгелек үстел, шығармалар байқауы, ашық диктант, кездесулер ұйымдастырып келеміз. Сондай-ақ, жазғы тыныңу лагерьлерінде ұлттық және спорттық ойын түрлерінен жарыстар, «Тіл мектебі» қазақ тілін оқыту бойынша авторлық бағдарламалар ұйымдастырылды. Бұл жоба оқушылар мен жастардың мемлекеттік тілдің маңыздылығын жете түсінуге көп көмегін тигізді деп айта аламын, – дейді облыс әкімі аппараты «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесінің аға сарапшысы Шәкизат Әбдіраманова.

Байқау қорытындысы бойынша 3-ші дәрежелі диплом және арнайы сыйлықпен қаладағы №198 орта мектеп пен Жалағаш ауданының №31 мектеп-гимназиясының шәкірттері өзара бөлісті. 2-орынға Сырдария ауданының №36 мектеп-лицей оқушылары ие болды. Бас жүлдені Шиелінің №127 мектеп-лицейінен келген балалар жеңіп алды.

Айта кету керек, бұл жобаның қоғамдық келісім мен қазақстандық патриотизмді нығайту факторы ретінде мемлекеттік тілдің мәртебесі мен сапасын арттыруда маңызы ерекше. Сондай-ақ өскелең ұрпақты тәрбиелеу, мәдениет, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарды балалар бойына қалыптастыруда жетекші рөл атқаратынына сенім мол.

NAZAR

БАЙКЕНЖЕДЕ МАЛ ШЫҒЫНЫ БОЛДЫ

Кеше Жаңақорған ауданындағы Шалқия кентінің тұрғыны Ахмет Рахимовтың уақ малы шығын болғаны туралы хабарланды. Байкенже ауылы маңындағы жайылымға қоныстанған мал иесінің айтуынша, 7 қарашадан бері белгісіз дерттен 116 бас түлік шығынға ұшыраған.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Осы жағдайға байланысты облыстық ветеринария басқармасының басшысы Ерсұлтан Апетов өңірлік коммуникациялар қызметінде баспасөз конференциясын өткізді. Бүгінде ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті облыстық аумақтық инспекциясы, облыстық ветеринариялық зертхана, ветеринария басқармасының мамандары аталған аумаққа зерттеу жұмыстарын жүргізуге жіберілген.

Қазіргі уақытта ауырған малдар оқшауланып, тиісті емдік шаралар жүргізілуде. Ветеринар мамандардың ауру ошағында жүргізген эпизоотиялық зерттеуі барысында шығын болған 30 бас мал өртеліп, Байкенже ауылдық округіндегі типтік жобадағы мал қорымына тасталған.

– Қазіргі уақытта «уақ малдар лептоспироз ауруынан шығын болды» деген болжам жасалуда. Тіпті, ағынды не тұрып қалған судан, азықтан улануы мүмкін. Бұл туралы зерттеу жұмыстары толық аяқталғаннан кейін нақты айта аламыз. Жаңақорған ауданында соңғы 3 жылда лептоспироз ауруы тіркелмеген. 3 жыл қатарынан ауруға қарсы вакцинаға сұраныс болмағандықтан биыл вакцинаны алдырған жоқпыз. Ал, өткен аптада аталған аумақтағы мал егелері өз қаражаты есебінен ауруға қарсы егу жұмыстарын жүргізді. Қазіргі уақытта жағдай тұрақты, – дейді басқарма басшысы.

Биыл облыста эпизоотиялық іс-шаралар жүргізу мақсатында аса қауіпті сібір жарасы, аусыл секілді 13 түрлі жұқпалы ауруға қарсы алдын ала егу жұмыстары жүргізілген. Айта кету керек, лептоспироз – аша тұяқты қой, мүйізді ірі қара малдарына қауіпті, ауру түліктен басқаларына жайылымда, бірге азықтандыру кезінде тез тарайтын жұқпалы дерт. Мамандардың айтуынша, бұл ауру адамға да қауіпті. Сондықтан, түліктердің осы аурумен ауырғаны белгілі болса, емдеуге келмейтіндіктен, бірден жойылады. Сондай-ақ, егер зертханалық жұмыстар нәтижесінде уақ малдардан лептоспироз анықталатын болса, мал шығыны өтелмек.

Q.MUHAMEDJANOV-90

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЛТАЙЫНЫҢ ҚАЗАҚ ЕМЕС ДОСТАРЫ

Ауылда оқып, қазақтың ұлттық әдет-ғұрпын бойына сіңіріп өскен Қалтай Мұхамеджанов орыс халқын алғашында олардың жазушыларының қазақшаға аударылған шығармалары арқылы таныды. Екі жоғары оқу орнын (Қызылорда пед-институты мен Ташкенттің өнер институты) екі курстан шегіншектеп оқыған Қалағаң Мәскеудің А.Н.Луначарский атындағы ГИТИС-ін «Театр тарихы мен теориясы» мамандығы бойынша үздік бітірді. «Халық жауының» баласы деген таңбасы өмір жолында біраз қиыншылықты алдына тартқанмен, 1,5 ғасырға жуық тарихы бар осы оқу орнына түсуіне де сол таңбаның оң себебі болғаны жасырын емес.

Қалағаңның көптеген орыс достарын табуы осы ГИТИС қабырғасынан бастау алады. Оның Ташкенттен Мәскеуге ауысуына ақыл беріп, көмегін тигізген ұстазы, профессор Морозов Михайл Михайлович (1897-1952 ж.ж.). Ол – әдебиетші, шекспиртанушы ғұлама ғалым, МГУ мен ГИТИС-те көп жыл дәріс оқып, талай талантты өнер иелеріне өмірлік жолдама берген ұстаз. ГИТИС-те Қалағаң белгілі театр сыншысы, театртанушы Юрий Сергеевич Рыбаковпен (1931-2006 ж.ж.), Ю.Нехорошевпен (1925-2016 ж.ж.), т.б. орыс достарымен бірге оқыған. Ұлттары бөлек болғанымен, шығармашылық көзқарастары жақын, олармен ұдайы байланыста болды. Ю.Нехорошевтің «Художник» журналының бас редакторы, кейін «Известия» газетінің арнаулы тілшісі болуы, Қалағаңның кеңестің жоғары деңгейдегі ақпарат құралдарына еркін шығуына мүмкіндік берді. Қалағаң оқыған курсқа 1939 жылдан бастап өнертану ғылымдарының докторы, профессор, театр сыншысы Павел Александрович Марков жетекшілік етіпті.

Қазақстанда бірінші Мәдениет министрі Қайырғали Байғалиевтің шақыруымен жоғары лауазымды қызметке келгенде де, ұстазы П.А.Марковпен байланысын үзбей, ұстаздық кеңестерін алып отыратынын жиі еске алады Қалағаң. Осы кезде театр энциклопедиясының бас редакторы П.А.Марковтың Қалағаңа демеушілігі де аз болмаса керек. Шыңғыс Айтматовпен бірге жазған «Көктөбедегі кездесу» спектаклі Мәскеудің «Современник» театрында (1973 ж.) бірінші рет қойылуы, Қалағаң мен Шыңғыстың орыс достарының қолдауымен жүзеге асқандығы тарихи шындық. Театрдың көркемдік жетекшісі, бұрыннан дос әрі сыйлас Галина Волчек оның сәтті шығуына көп еңбек етті. Спектакльдегі басты рольдің бірінде Қалекеңнің досы Олег Табаков (1935-2018 ж.ж.) ойнайды. Қалағаңмен арадағы сыйластығы мен достығының дәлелі ретінде өз қолымен жазған лебізі де бар.

Қалағаңның бабасы Күдері қожа Көшекұлы, әкесі Мұхамеджан – белгілі ақындар. Содан да болар, оның ақын достарына деген ықыласы ерекше. Солардың бірі – суырып салма ақын Виктор Аркадьевич Урин (1924-2004 ж.ж.). Ол – жиырмадан аса кітаптың авторы. Алғашқы кітабы 14 жасында жарық көріпті. В.Уриннің соғыс кезінде шығарған (өзі де соғыс ардагері) «Лидка» атты шығармасы барлық майдандағы солдаттардың сүйіп айтатын өлеңіне айналған.

Қалағаңның архивтерін ақтара отырып, қолыма қашан аударғаны белгісіз, тек фамилиясын ғана көрсеткен сарғайған бірнеше парақ түсті. Бұл ақын Степан Петрович Щипачевтің (1899-1980 ж.ж.) өлеңдері екен. Ол – екі дүркін сталиндік сыйлықтың иегері Свердлов облысының Щипачи селосында өмірге келген, ұмытылып бара жатқан ақын. Оның 1946 жылы жазылған мына өлеңін Қалағаң:

Кімді сүйсең, ол да сүйсе
жаның бір,
Қос жүрекке айтар жалғыз тілегім:
«Сенім менен адалдықты
қорғай жүр,
Онсыз өмір тұл екенін білемін»

деп аударыпты. Осы бір өлең жолдарынан аударманың өте сәтті шыққанына куәгер боласыз. Ал Қалағаңның ел есінен шығып бара жатқан ақынның жанына үңілуі оның көміліп бара жатқан бұлақтың көзін ашуға құштарлығын, кейінгі жастарға деген ағалық шексіз қамқорлығын меңзегендей. Ә.Әбішовке жазған ашық хатында өзінен кейінгі 43 талантты інісін атауы, оларға деген сенімі – сөзіміздің дәлелі.

Ш.Айтматов пен Қалағаңның «Көктөбедегі кездесуі» КСРО-ның 50 жылдығы қарсаңында Галина Волчектің алғылауымен Мәскеудің «Современник» театрында қойылып, әлемді шарлап кеткені белгілі. Бірақ өзіміздің «ауылдағының аузы сасық» дейтінді аңсайтындар спектакльдің қазақ сахнасына келуіне барынша кедергі жасап бақты. Осы кезде аттарын айға балайтын, әлем танитын өнер қайраткерлері: К.Симонов (Известия), Е.Сурков (Правда), В.Максимов (Вечерняя Москва), В.Панкин (Комсомольская правда), В.Левин (Советская культура), т.б. одақтық басылымдарда шыққан тартымды, танымдық мақалаларында шығарма жоғары бағаланды. Соның өзінде де аталмыш қойылым М.Әуезов атындағы мемлекеттік академиялық театр сахнасына үш жылдан кейін (1975 ж.) жетті.

Бізге жеткен Қалағаңның достық әзіл ретінде салынған суретіне елуден аса ұлт өкілдері, аттары әйгілі Мәскеудің әртістері қолтаңба қалдырғаны беделінің биік екенінің көрсеткішіндей.

Қалағаңның өмір тарихын, шығармашылығын зерделей түссек, кезінде КСРО-ға қараған көптеген ұлттың уәкілі, жазушы достары менмұндалап алдымызды кес-кестей береді. А.Ф.Головинскийдің Қалағаң жайлы «Айтшы, сенің досың кім?» атты деректі фильмінде Расул Гамзатов, Давид Кугультинов, Мұстай Кәрім, Кайсын Кулиев, Мирзо Турсун-Заде, Шыңғыс Айтматов, т.б. жылы, шынайы шындыққа негізделген лебіздері оның еңселі бейнесін онан сайын асқақтата түседі.

Қалағаң шығыс әдебиеті тарихының білгірі еді. «Халық жауының» баласы деген көпке дейін ізінен қалмаған таңбаның кесірінен Ташкент университетінің парсы-араб тілі мамандығына қабылданбағанымен, тынымсыз еңбегі арқылы бұл саладан мақұрым қалған жоқ. Келешек көкжиегін алыстан болжаған ол «Заман-Қазақстан» газетін ашып, оған басшылық жасап, Шығыс елдерінің есігін ашуға мүмкіндік алды. Азия-Африка континенттерінде өткен халықаралық конференцияларға қатысып, тартымды, ғылыми баяндамалар жасап, көптеген шығармашылық достар тапты. «Мың бір түнді», С.Айнидің «Құлдар», Айбектің «Киелі қан», Б.Рахмоновтың «Жүрек сырлары», А.Қаһардың «Ауру тістер», Ш.Айтматовтың «Ана – Жер-Ана», «Арманым, Әселім», «Ақ кеме», т.б. шығармаларын шебер тәржімалап қазақ оқырмандарына жеткізді. Сөйтіп өзінің ел тамсандыратындай талантымен әлемнің барлық құрлықтарынан шынайы шығармашылық достар тапты. Олар: орыс Ю.Бондерев, кубалық ақын Николас Гильен, неміс Герольд Бельгер, грузиндер И.Абашидзе, Н.Нажашвили, түріктер Азиз Несин, Бекир Илдиз, араб Әли Арсан, т.б.

Адамзаттың Айтматовы қазақтың Қалтайы туралы: «Біздің елде жақсы жазушы көп. Әйтсе де, жазу-сызудың ауқымдық жинақтаушылық тәсілін, прозаиктің қалт етпес дәлдігін, ақынның әсершілдігі мен әуезділігін, философтың сарабдалдығын қатар меңгерген және оның сыртында әртістік іштей түлеу қабілетін дарытқан адам ғана пьеса жасай алады. Сондықтан да бізде нағыз драматургтер тым аз, ал мен Қалтай Мұхамеджанов досымды сондай дегдарлар санатына қосамын» деп Қалтай творчествосын әдебиет пен өнердің әлемдік мінберінен жоғары бағалады.

Қорыта айтқанда, Қ.Мұхамеджанов шығармашылығының тереңдігі мен жан-жақтылығы, көтерген проблемаларының ауқымдылығы, сирек кездесетіндігі, басқа ұлттардың да өміріне ой салатындығы, оларды жаңа мақсаттарға жетелейтіндігі жоғарыда біз атап үлгермеген көпұлтты достарының шығармалары әсерінен де болса керек. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуының кепілі әрі мүмкіндігі оны мекендеген әртүрлі ұлттар мен ұлыстардың ауызбіршілігінде екенін әркез еске салып отырады. Қазақтың Қалтайы да өзінің саналы өмірінде Елбасының осы ұстанымынан таймаған. Иә, қазақтың Қалтайының қазақ емес достары да жетерлік екен.

Қазбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,
ҚМУ-дың профессоры, Қалтай Мұхамеджанов кітапханасының ғылыми кеңесшісі.

HALYQ PEN NARYQ

СОҒЫМҒА НЕ СОЯСЫЗ?

Қазақ қараша мен желтоқсанда мал байлап, соғым сояды. Әсіресе, жылқы етін аңсайтындар көп. Мал ұстағандардың көпшілігі ала жаздай соғымға деп арнайы бір-екі қарасын белгілеп қояды. Қыс қылаң бергенде жыға бастайды. Әр үйдің шамасына қарай соғымға түйе, жылқы, сиыр сияқты ірі мал соятыны белгілі. Көрпесіне қарай көсілетін, әсіресе, климаты қатал өңірде тұратын біздің халық қыста соғымсыз отырмайды. Мұртын майламаса да, ұртын толтырып жейтін ірі қараны жығып алуға тырысады.

Ержан ҚОЖАС.

Түнеукүні әріптесім Мұқағалиды ертіп мал базарға бардық. Бұл жігіттің көз ашқалы көргені көп, мал тани біледі. Ертіп жүруімнің басты себебі сол. Бір қызығы, түн қатып жұмыс істейтін мал базарының ішінде түйеден өзгенің бәрі бар екен. Жылқының жабағысынан бастап бестіге шыққаны, сиырдың баспағы мен тайөгізі, сауындысына дейін табасың. Ұсақ мал іздесеңіз де осы. Туша мен тоқтыдан бастап, серке мен қошқардың түр-түріне кезігесің. – Бағалары да сан алуан, 12 мың мен 50 мың теңгеге дейінгі түрін көрдік.

Қазір Қызылордада соғымдық жылқы малының құны 120 мен 350 мың аралығында. Бірді-екілі болмаса одан асып тұрған баға жоқ.

– Өткен жылмен салыстырғанда биылғы мал қарасы қандай? – деп сұрадық мұндағылардан.

– Көп емес. Әрине, ірі қара, оның ішінде жылқы сатып алушылар бар. Көбіне-көп екі-үш адам бірігіп сатып алады. Әр үй бір жылқыдан жығып алып, думандатып соғым соятын уақыт келмеске кетті ғой, – деп күлді «Бұлан» ЖШС мал базарының меңгерушісі Қылыш Күзембаев.

Ол мал басының бағаларына да тоқтап кетті.

Қылыш ағамыздың айтқан бағасы біз аралап көрген мал нарығымен тұп-тура келіп тұр. Бір жасар жылқы (тай) – 140-180 мың теңге, екі-үш жасар жылқы (құнан мен дөнен) – 200-220 мың теңге, ірі жылқы – 300-350 мыңның аралығында. Алты айлық баспағың – 80 мың десе, бір жасар тайынша –120-150 мың теңге, ірі сиыр 200 мың теңгеден жоғары. Бұзаулы сиырды алу үшін 250 мың теңгені түйіп беру керек.

Базардан қалаға жақын ауылдардан бөлек, шеткі аудандар – Арал мен Қазалыдан келген мал сатушыларды да байқадық. Біздегі жергілікті халық «агент» деп атап кеткен бұл сатушылар ауылдағы малды көзбен өлшеп, бір ауыз сөзбен бағалап, ақшасын қолыңа ұстатып кетеді. Мысалы, 1 жарым жасар тайыншаңды осындай болжаммен 100 мың теңгеге сұрайды. Қаражаттан қысылған ауыл халқы амалсыз «агент» айтқан бағаға келіседі. Келіспеске лаж жоқ, бір-бірінің аузына түкіргендей келесі мал алушы да осы бағаны ұсынады. Ал, базарда мұндай жастағы сиырға 140-150 мың сұрап тұр. Аралығы 30-40 мың теңге. Ауадан ақша істейтін осындай «агенттер» көп. Ал сойып сатса, тайыншаның 90 келі еті 1500 теңгеден өткізгеннің өзінде 135 мың тұрады. Бас-сирақ, өкпе-бауыр, ішек-қарынның өзін қаладағы жұрт жуып-тазалап, пұлға айналдырып отыр. Тікелей өткізу мен сойып сатудың аражігі осы. Шынтуайтқа келгенде шалғай аудан мен ауылдарда ет бағасы қаладан арзан. Қой мен жылқы еті – 1400-1500, сиыр еті – 1300-1400, ал түйе етінің бағасы – 1200 теңгеден аспайды.

Базар басшылығының айтуынша, мал ұрлығының өршуіне байланысты мұнда ішкі істер қызметкерлері жиі рейд жүргізіп тұрады. Сондықтан толық болмаса да мұндағы мал сатушылардың 90 проценті құжаттарын дәлдікпен әкеледі. Малды тасымалдағанда иелері ветеринар дәрігерлердің тексерісінен өткізіп, қадағаланады. Аурудың табы болған жағдайда міндетті түрде ескертіліп, мал иесі алдын ала егу шараларына жүгінеді.

Қылыш ағамыздың айтқан бағасы біз аралап көрген мал нарығымен тұп-тура келіп тұр. Бір жасар жылқы (тай) – 140-180 мың теңге, екі-үш жасар жылқы (құнан мен дөнен) – 200-220 мың теңге, ірі жылқы – 300-350 мыңның аралығында. Алты айлық баспағың – 80 мың десе, бір жасар тайынша –120-150 мың теңге, ірі сиыр – 200 мың теңгеден жоғары. Бұзаулы сиырды алу үшін 250 мың теңгеңізді түйіп барыңыз.

Бір байқағанымыз, малын сатқысы келетіндер әлеуметтік желіде де белсенді. Интернет кеңістігінің мүмкіндігін бұл жақтығылар да еркін меңгерген. «maltabu.kz», «sogym.kz» сайттары арқылы да, желіде де жарнама жасап, өткізіп жүр. Қолға ұстау немесе соғымға байлар мал іздеген жұрт интернет арқылы да саудаласып жатады.

Айтпай кетпеуге болмайтын тағы бір нәрсе. Еттен бұрын малға тауып берер қысқы азығы қымбат болып тұр. Ал мал қоңдану үшін құнары жақсы жем-шөп керек. Арық малдың сыртынан елдің айналып өтетіні тағы анық. Бұл еттің қымбаттауына әбден себепкер. Биыл жоңышқаның бір бумасы 600 теңге сұрап тұр. Жай қауылдырықты пішеннің бумасы – 350, бау пішен 120-150 теңге. Ал жеміне келер болсақ, бидайдың кебегінің қабы 1200 теңгеге шығып отыр. Бұл – әлі күзгі баға. Қыс ортасына таяу бұл қажеттінің бәрі қалтаға ауыр тиетіні айтпаса да белгілі. Бірақ, еттің бағасы қанша шарықтағанымен, халық ет жеудің ыңғайын табуға тырысады. Он екі жілікті түгел ала алмайтынын білетін жұрт төрт-бес үй болып бірігеді. Осындай әдіске көшкен қаладағы ағайын қазір семіз байталды сойып алатын болған.

«Қонақ келсе, ет қызарар, ет қызармаса, бет қызарар» дейтін халықпыз. «Соғымың сүйкімді болсын» деп тілек айтып, туған-туыс, көрші-қолаң, дос-жаранды әндете аралап, қуырдаққа мелдектей тоятын «соғым басы» дейтін дәстүр менің бала кезімде көп болушы еді. Бүгінде байқалмайды. Дегенмен, соғым басын тойламаса да, тай мен тайыншаның етін кертіп жеп отырғандар баршылық.

BÚKILÁLEMDIK SAPA KÚNI

САПА – ТАБЫС КӨЗІ

Техникалық реттеу және метрология комитетінің облыс бойынша департаментінде «Бүкіләлемдік сапа күніне» орай «Сапа – табыс көзі» атты тақырыпта жиын өтті.

Сара АДАЙБАЕВА.

Жиында департамент басшысы Ерқанат Кеулімжаев атаулы күннің маңыздылығына тоқталды. Мұнан кейін департаменттің бас маманы Айгүл Әбдікәрімова «Сапалы және қауіпсіз өнімдер табысқа жетелейді», «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ филиалының сертификация бөлімінің сектор басшысы Ольга Ленева «Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджмент жүйесін енгізу ISO 45001:2018 талаптарына сәйкестігі» және «ҚазСтИн» РМК ҚФ басшысы Гүлназ Шарапат «Өндірісте өнімнің сапасын арттырудағы стандарттың рөлі» тақырыптарында баяндама жасады.

«Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ филиалының директоры Ерманхан Қамбаров жиналғандарды мерекемен құттықтап, «Новомет Қазақстан» ЖШС, «Мөлдір және Компания», «Алтын Орда» ЖШС және «Семізбай-U» ЖШС-ін «Үздік сапа 2018» арнайы номинациясымен марапаттады.

Кез келген кәсіпкер өнімін шығарғанда, бастысы, сапасына мән беретіні сөзсіз. Сапалы тауарға сұраныс та жоғары. Осы ретте елімізде тұрақты негізде кәсіпорындарды ҚР Президентінің «Алтын сапа» сыйлығына, «Қазақстанның үздік тауары» аймақтық конкурстары мен көрмелері, Кедендік одақ жағдайына бәсекелестікті арттыруға арналған конкурстар өнім сапасын жақсартуға ынталандырады. Биыл «Алтын сапа» байқауына «Арал тұз» АҚ, «Сұлтан Сүйрік» ЖШС, «СКЗ-U» ЖШС және «Стандарт құрылыс сервис ЛТД» ЖШС қатысуға ұсыныс білдірген.

Жиынға қатысушылар пікір алмасып, кәсіпкерлер тарапынан туындап жататын сұрақтарға жауап берді. Шара соңында жергілікті кәсіпкерлердің өнімдерінен көрме ұйымдастырылды.

АУЫЛДЫҢ КІРІС КӨЗІ – СОЛ АУЫЛДЫҢ МӘДЕНИЕТІ

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының жалпы деңгейімен, азаматтық қоғамның дамуымен, жергілікті халықтың өміріне тікелей әсер ететін басқа да жағдайлармен байланысты көп кезеңді және серпінді құбылыс мемлекетімізде жергілікті өзін-өзі басқарудың қалыптасуы екені белгілі. Осы орайда қалыптасқан бюджеттің төртінші деңгейі – аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттері. 2018 жылдың қаңтар айынан бастап жүзеге асып жатқан өңірдегі 65 ауылдық округ бюджетінің жылдық жоспары 1 млрд теңгеден асады. Оны мына салықтық және салықтық емес түсім түрлері құрайды:

- төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы;
- жеке тұлғаның мүлік салығы;
- жеке және заңды тұлғалардың елді мекендеріндегі жер салығы,
- жеке және заңды тұлғалардың көлік салығы,
- сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру үшін өтем,
- әкімдер белгілеген айыппұлдар,
- жеке және заңды тұлғалардың ерікті жарналары,
- коммуналдық меншіктен түскен табыс,
- коммуналдық меншіктегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер,
- коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігі;
- коммуналдық меншіктегі заңды тұлғаларға қатысу үлесі бойынша кірістер;
- өзге де салықтық емес түсімдер.

Бюджет кірісіне 9 айда 836,2 млн теңгенің түсімі түсті. Ауыл әкіміне жүктелген міндеттердің бірі – ауылдық округтердің дамуына мүмкіндік беретін әрбір салық төлеушіден қолданыстағы заңнамаларға сәйкес, уақытылы салығын талап етіп, бюджетке түсіру. Бұл өз кезегінде ауыл бюджетіне де, аудан бюджетіне де көмегін тигізері өзсіз.

Сонымен бірге, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округтердің әкімдері әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау және әкімшілік айыппұл салу бойынша Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 17-бабымен жұмыс жасай алады. Бұл да – қосымша кіріс көзі. Елде әрбір азамат тиісті салықты төлеп, төлем жасауға міндетті. Олай болса, ауылдағы салық төлеушілер көлеңкеде қалмай, жыл сайын тиісті салығын төлеп тұрса, бюджетке түскен кіріс сол ауылдың игілігіне жұмсалатыны анық.

2020-2022 және одан кейінгі жылдарға арналған аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттері осы әкімшілік-аумақтық бірліктер халқының санына қарамастан, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округтердің аумағында жалғасады. Сондықтан, дербес бюджеттің қалыптасуына, ел дамуындағы жаңа бастамаларға өңірдегі қалған 81 ауылдық округ те үлес қосуы тиіс.

А.НҰРАСЫЛОВА,
облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының бөлім басшысы.

КІРПІШ САТЫЛАДЫ

Қызылорда қаласында украиналық құралмен жабдықталған М-125 маркалы қатпарлы кірпіш сатылады. Өлшемі 250х120х88 мм, 250х120х65мм.

Байланыс тел.:
8 701 335 96 50,
8 777 058 24 69.

(6-2)

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Бимаханов Нурман Турмановичтің атына Қызылорда қаласы, Қызылжарма-3 ауданы, 13-көше, №55 учаскесіне берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісінің (кадастрлық №10-156-026-868, №0177688 25.06.2010 ж.) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы және Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы «Сыр бойы» газетінің бұрынғы бас редакторы Нұрділдә Уәлиевтің ұлы

Нұрлан Нұрділдәұлының

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

***

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының ұжымы Назарбаев Университетінің департамент директоры Жаңыл Алпамысқызы Жонтаеваға ағасы, Қызылорда қаласындағы №2 «Мұрагер» мектебінің директоры Динара Баймұрзаеваға және институттың бас маманы Ғалия Баймұрзаеваға әкелері

Қонақбайдың

қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«TSIFRLYQ QAZAQSTAN»

ЕСКЕРТКІШТЕР «СӨЙЛЕЙДІ»

Цифрлық дәуірдің игілігі аз болмайтынына күн сайын көз жеткізіп келеміз. Соның бір мысалына куә болдық. Аймағымыздағы ескерткіштерге QR-код орнату жобасын облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі мекеме сәтті жүзеге асырыпты. Енді ескерткіштер тарихын білгіңіз келсе, кітапханаға барып немесе архив ақтарып әуре болмайсыз, тарихты ескерткіш өзі-ақ «айтады». Қалай дерсіз?!

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Оқырман қауымға түсінікті болу үшін QR-код дегеннің не нәрсе екенін айта кетелік. «Quick Response – Шұғыл жауап» деген мағынаны білдіреді. Бұл мобильді телефонның камерасы арқылы ақпаратты жылдам табуға мүмкіндік беретін екі өлшемді штрих-код. Аталған мекеме мамандарының айтуынша, биылғы жылы өңірімізде 150 ескерткішке QR-код орнатылған. Ескерткіштің жанына барған кез келген азамат өз ұялы телефонындағы «Play market» бағдарламасы арқылы «QR-сканер» қызметін жүктеп алып, ескерткіш жанындағы штрих-кодты сканерлеп алады да, ескерткіш жайында барлық мәліметті сол мезетте оқи алады. Бұл тарихын танығысы келген жас ұрпаққа да, туристер үшін де қолайлы екені даусыз.

Облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі мекеме мамандарымен бірге игілікті істі жариялау үшін пресс-тур барысында біз де ұялы телефон арқылы ескерткіштерді «сөйлетіп көрдік». Облыс орталығындағы Қорқыт ата кітабының 1300 жылдығына арналған ескерткіш жанына орнатылған тақтайшадағы QR-кодты ұялы телефонымызға сканерлеп, ашып қарасақ, ескерткіш туралы барлық мәлімет шыға келді. Оның қай жылы салынғаны, Қорқыт бабамыз туралы ел ішіндегі аңыз әңгімелер, Қорқыт ата кітабы жайында тарихи мәліметке қанық болдық.

«Ескерткіштер туралы мәліметтерді барынша толықтыру үстіндеміз. Ел ішіндегі аңыз-әңгімелерді де жинақтаудамыз. Көпшілік ескерткіш жанына келгенде білгісі келгенін QR-код арқылы іздей қалса, мазмұнды болуы қажет» дейді облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі мекеме қызметкерлері.

Айта кетелік, QR-код интернет байланысы жететін жердегі барлық ескерткіштерге орнатылмақ. Ал байланыстан қашық орналасқан ескерткіштер туралы мәліметті облыс орталығындағы аялдамаларда орнату жоспарланған.

Ең бастысы, елге ақпараттың қолжетімді болуына барлық мүмкіндік жасалуда.

Суретті түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ АЛТЫН АРҚАУЫ

Жалағаш ауданына қарасты Еңбек ауылында 30 жылдық тарихы бар «Батыр аналар» ансамблі жұмыс жасайды. Сонау 1988 жылы XIX партия конференциясының қарсаңында сол кездегі совхоз директоры Ұзақ Еспанов, партия ұйымының хатшысы Кеніш Жұмалиеваның бастамасымен ауылдық мәдениет үйінің жанынан құрылған өнер ұжымының алғашқы құрамында 20-ға жуық ана болды. Олардың алды – 16, соңы 8-9 бала өмірге әкелген ардақты жандар.

Ғазиза ӘБІЛДА

Ансамбль ең алғаш 1988 жылдың 7 наурызында ауыл сахнасында мерекелік концерт берді. Алақандай ауыл болған соң бірі апа, бірі жеңге, енді бірі замандас, бір-бір отбасының ұйытқысы болып отырған аналарды сахнадан көру бір ғанибет еді. Сондықтан болар, сән-салтанаты жарасып, жұрт алдына жарқ етіп шыққан аналар ансамбліне көрерменнің қошеметі ерекше болды. Ансамбльдің хор ұжымы орындаған Шәмшінің әйгілі «Арыс жағасында», «Сыр сұлуы», Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекені», жеке орындаудағы «Бір бала», «Ақ дариға», «Балымша», «Сәулемай» сияқты халық әндері мен Мұзараптың «Балымша», Ақан серінің «Ләйлім шырағын» сызылта салғанда, тыңдаған жан тебіренбей қалмайтын. Табиғи бояуы қанық, кең тынысты қазақы дауыс қайсыбір әннің де тылсым сырын паш ететін.

«Батыр аналар» ансамблінің бұл бастамасы аудан, облыстан асып, республика көлемінде кеңінен қолдау тапты. Партия ұйымының хатшысы К.Жұмалиеваның ұйымдастыруымен, ел ағаларының демеушілігімен аналар ансамблі сол жылы Алматы қаласына барып, «Қазақстан» телеарнасы арқылы күллі ел алдында концерт берді. Ілешала республикалық басылым беттерінде аналар ансамблінің тағылымын дәріптеген арнайы мақалалар жарияланып жатты. Одан бөлек, облыс, аудан, ауыл әкімдері тарапынан ансамбльдің ұлттық нақыштағы өзіндік келбетін қалыптастырып, материалдық тұрмыстық бұйымдармен түгел жабдықталған.

Ансамбльдің алғашқы құрамында өнер көрсеткен Патима Қаршығаева (он алты баланың анасы), Нәбира Каукенова, Жанымкүл Есімова, Қанша Даярова, Мәрияш Сәтенова, Айнагүл Бұрышова, Әдеп Толыбаева, Ақзереп Аяпова, Абаш Жұмағұлова, Жұмакүл Бексейітова ел-жұрттың ерекше құрметіне бөленді. Олардың бірқатары бүгінде өмірден өтіп кетті. Алайда олар бастаған ізгі дәстүр әлі жалғасын табуда.

...Татулықпен тамсантқан ауылымды,
Ауылымды, ағайын-бауырымды.
Ізеті мол қазақтың келіндері
Бағалаттың баршаға қадірімді,

– деп Сәнімкүл Желдербаева апамыз әнге қосқандай, шынында сол кісілер ауыл-аймақтың жақсылығын жария етіп, бірлігі мен берекесін, туыстығы мен татулығын таныта білді. Айталық, ауылда жаңадан шаңырақ көтерген жас отбасылар алдымен «Батыр аналардың» батасын алып, отбасылық өмірге қажетті ақыл-кеңесіне жүгінеді. Сондай-ақ, мұнда ұлттық нақыштағы қолөнер бұйымдарын, күнделікті тұрмыстық жабдықтар, ұлттық тағамдар әзірлеуде және сәби күтіміне байланысты жас келіндердің үйренері көп.

Қазіргі уақытта ансамбльге Рахия Жұбатханова апай жетекшілік жасайды. Он екі перзент өмірге әкеліп, олардың барлығын өз орындарына қондырған Рахия апа бүгінде ауыл-аймақ, ағайын-туыстың ақылшысы болып отыр. Аналардан құралған өнер ұжымының абыройы өрлеп, ісі алға басуы үшін әлі күнге аянбай тер төгіп келеді. Бір сөзбен айтқанда, ауылдағы аналар ансамблі тек ән-би өнерін емес, жалпыхалықтық дәстүрді дамытуда жастармен тұрақты байланыс орнатып, жақсы өнеге қалыптастырған. Менің анам да отыз жылдан бері осы ансамбльдің мүшесі, домбырамен халық әндерін орындайды.

Ауылдық мәдениет үйінің директоры, ансамбльдің алғашқы ұйымдастырушыларының бірі Рабиға Тоқсейітова отыз жылдық тарихы бар өнер ұжымының ел еңсесін көтеріп, ертеңге деген сенімді нығайтуда, ұлттық өнерімізді ұлықтап, ұрпақ санасына сіңіруде, сондай-ақ, шаңырақ шуағын еселеп, отбасы құндылығын арттыруда талай жылдан бері тағылымды ізі барын айтады.

Айтқандай, жақсы дәстүр жалғасын тауып, бүгінде «Батыр аналар» ансамблінің жаңа құрамы жасақталып жатыр. Демек, ұлттық тәрбиенің алтын тіні үзілмей, ұрпақтан ұрпаққа ұласа бермек.

«МЕНІҢ ОТБАСЫМНЫҢ ТАРИХЫ»

Жуырда «Рухани жаңғыру» орталығы мен облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен оқушылар арасында «Менің отбасымның тарихы» атты фото, видео, эссе байқауы өтті. Оған аймағымыздың барлық аудандарынан 5-9 сынып оқушылары қатысып, бақ сынады.

Байқау мектепшілік, аудандық, облыстық кезеңдерден тұрды. Сайыс барысында қатысушылар отбасы туралы фото-көрме жасап, арнайы билбордқа шығарылған суреттер қорын және видео түсірілімдерін көрсетті. Мұнан соң отбасы құндылығы бойынша жазған эсселерімен таныстырды. Байқау шарты бойынша эссе алдын ала «Ақмешіт жастары» газетінде жарияланған.

Байқауға орталықтың бөлім басшысы Әлима Әбдіхалықова жетекшілік етті. Сайыс қорытындысы бойынша облыстық білім басқармасы тағайындаған жүлделі I орынды Қармақшы ауданы №29 мектептің 7-сынып оқушысы Бекқанат Смайылұлы иемденсе, II орын №140 орта мектеп, «Атамекен» балалар үйінің оқушысы Нұршат Нышанова мен №176 мектептің 7-сынып оқушысы Мафтуллина Альбинаға бұйырды. III орынды Қазалы ауданы №190 мектептің оқушысы Танакөз Көпжасар, Байқоңыр қаласы №272 мектептің оқушысы Дильназ Ерұланқызы, Қызылорда қаласы №197 мектептің оқушысы Әніс Шыңғыс алды. Ал, «Рухани жаңғыру» орталығының арнайы жүлдесі I орынды Қызылорда қаласы №233 мектептің оқушысы Іңкәр Қойшығұл, II орынды Шиелі ауданы №47 мектеп-лицей оқушысы Ерке Әшімхан мен №7 мектеп-лицейдің оқушысы Ақтілек Ахметәлі еншіледі. III орынды Жаңақорған ауданы №195 мектептің оқушысы Сымбат Насыр, Қазалы ауданы №17 орта мектеп оқушысы Айдана Кеңес, Қызылорда қаласы №101 мектеп-лицейдің оқушысы Нұрдана Жеткерген иеленді.

Жалпы ұлттық тәрбие мен құндылықтарды алға тартқан айтулы шара жоғары деңгейде өтіп, оқушылардың отбасына деген құрметін арттыруға ықпал етсе, шығармашылық өнерін дамытуға деген қызығушылығын арттырды.

М.ОТАРАЛЫ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысы, Сырдария ауданының жеке нотариусы Назарова Калдыгул Махашовна 2018 жылдың 26 тамызында қайтыс болған, Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кентінде тұрған азамат Ердаулетов Бектас Изетұлының атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Алиакбаров көшесі №5, жеке нотариалдық кеңсе.

ҮМІТ ҮЙІ

Назерке САНИЯЗОВА

ОЙНАП ЖҮРІП ОТ БАСҚАН

Жиырма екі жастағы Гүлжайна (өзі өтінгесін есімін өзгерттік – ред.) қазір Қызылордадағы «Аналар үйінде» тұрып жатыр. Біз барғанымызда ол үш жастағы сәбиін ойнатып отыр екен. Мұнда қай тағдыры айдап әкелгенін тілші деп тосырқамай айтып берді.

– Ойда-жоқта жақсы араласып жүрген жігіттен аяғым ауырлап қалды. Бірақ оның өзі де, отбасы да баладан бас тартты. Әкем талай жыл бұрын бізді тастап кеткен еді. Үйде анам ғана жұмыс істейді. Бар ойлайтыны – балаларының қамы. Он жылдан бері пәтер жағалаумен жүрміз. Жалғыз өзіне оңай емес. Масыл болмайын деген оймен бөпемді алып осында келдім, – дейді кейіпкеріміз.

Гүлжайнаның құрылысшы деген дипломы бар. Байқоңырдағы колледжді бітірген. Ендігі жерде жұмыс тауып, үй алып, аяққа тұруды армандайды. Өйткені «Аналар үйінің» уақытша паналайтын орын екенін ол жақсы біледі. Иә, мұнда жасы отызға жетпеген аналар баласы бір жарым жасқа толғанға дейін тұра алады. Алайда, Қызылордадағы «Аналар үйі» қоғамдық қорының үйлестірушісі Дина Жүсіпбаева олардың әрі кеткенде бір жыл, кемі үш айдан кейін ортасына қосылып, өмірден өз орнын табатынын айтып отыр. Сырт көзге оңай көрінгенімен, бұл – психолог, заңгер, медбике секілді мамандардың жұмылып жұдырық болып, үлкен күш салуымен бітетін жұмыстың нәтижесі.

– «Аналар үйіне» түскен бойда мамандар тығырықтан бірлесіп шығудың жолдарын іздестіре бастайды. Ең алдымен, сәбидің әкесін анықтап, іздеп табуға, реті келсе, жұптарды жарастырып жіберуге, отбасыларымен татуластыруға тырысамыз. Оған көнбесе, алимент төлетуге мәжбүр боламыз. Орталықтың көмегіне көбіне ойнап жүріп от басқан өрімдей жас қыздар жүгінеді, – дейді қор үйлестірушісі.

МЕЦЕНАТТАРДЫҢ МАҚСАТЫ

Қазір еліміздің 19 қаласында 25 «Аналар үйі» бар. Соның алғашқысы 2013 жылы белгілі бизнесмен Айдын Рақымбаевтың бастамасымен Астанада ашылды. Республика бойынша аталған үйлерді бүгінге дейін 4 мыңға тарта әйел паналапты.

2014 жылдың маусым айында іске қосылған Қызылордадағы өкілдік мамандары осы аралықта 160-қа жуық ана мен баланың басынан сипап, көмек қолын созды. Олардың шамамен 80 проценті отбасын құрып, тең жартысынан астамы жұмысқа орналасты. Меценаттар қолға алған жобаның әуелгі мақсаты – өмірдің қысылтаяң кезеңінде жалғызбасты аналардың жанынан табылу, екіншісі – жасанды түсік пен тірі жетімдер санын азайту. Және бұлардың ақырындап орындала бастағанын көруге болады.

– Жүкті боп келген қыздар кейде «түсік жасатамға» басады. Бірақ өзімен бірге тұрып жатқан тағдырластарымен, олардың балаларымен араласып жүргенде қалай аналық сезімі оянғанын байқамай қалады. Сөйтіп, о бастағы ойынан айниды. Баладан бас тартқаны қате болғанын түсініп, әкелері де кейін іздеп келіп жатады. Игі жобаның арқасында осылайша қаншама отбасын сақтап қалуға мүмкіндік туды, – дейді Д.Жүсіпбаева.

ТАҒДЫРЛАСТАР

Аналар үйіне ұлдарына қыз іздеп бас сұғатын кісілер де бар көрінеді. Шара (аты-жөнін ауыстырдық – ред.) облыс орталығындағы колледждердің бірінде оқитын. Сезімнің жетегінде жүріп қателікке бой алдырды. Аяғы ауыр кезде мұндағы мамандардың қалай көмектескенін әсте ұмытпас. Бір күні «Аналар үйіне» кейуана келіп, егде жастағы ұлына өмірлік жар іздеп жүргенін жеткізді. Сөйтсе, келіні сегіз жылдан бері сәби сүйе алмапты. Оның үстіне, үлкен деп өзін сыйламайтыны, құрметтемейтіні ұнамаған. Ұлы екеуі ақыры ажырасып тынды. Тағдырдың жазуымен кейін ол Шараны жолықтырды. Оның өзге біреуден аяғы ауыр екеніне де қараған жоқ. Перзентханадан шығарып алып, үйіне апарып, баланы өзінің тегіне өткізді. Жас айырмашылығындағы алшақтық та кедергі емес екен, қазір Шара бұл үйге бауыр басып үлгерді. Әйел бақыты бәрінен қымбат екенін түсінді.

Облыс орталығында орналасқан «Аналар үйі» біз елестеткеннен бөлек боп шықты. Екі қабатты үйде ана мен балаға қажеттінің бәрі бар. Баланың ойыншығынан бастап кір жуғыш мәшине, газ плитасы, тоңазытқыш, теледидар сияқты тұрмыстық қажеттіліктермен қамтылған. Жалғызбасты қыздар жәрдемақыларын жұмсамай, қор жинаса болады. Өйткені бәрі тегін. «Аналар үйінің» тұрғындары үшін тігін цехы жұмыс істейді, компьютерлік сауаттылық курсы ашылған. Мереке күндері қыздар ұйымшылдық танытып, түрлі шаралар өткізіп тұрады. Осылай бір сәтке болса да қайғыны ұмытып, көңіл сергітеді.

P.S. *Қазақ қыздардың оң босағада отырып бала тапқанын әсте құптамайды. «Енді елдің бетіне қалай қараймын?!» деп ұятты бәрінен жоғары қоятыны және бар. «Аналар үйі» әр қалада ашыла бастағанда қоғамда қарсы пікір айтушылардың қарасы көп болды. Уақыт өте келе әлеуметтік жобаның тиімділігіне көзіміз жетті. Біріншіден, бұл – басына іс түскен қыз-келіншектерді қиындықпен бетпе-бет жалғыз қалдырмаудың жолы. Екіншіден, әрбір үшінші неке ажырасумен аяқталатын елімізде отбасын сақтап қалуға сеп. Соңғысы, тастанды балалар санын азайтуға мүмкіндік береді.*

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
"АҚ" - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 28687
Тапсырыс №1812

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Кезекші редактор Назерке САНИЯЗОВА